**Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі қазақстан-қытай үкіметаралық комиссиясының алтыншы мәжілісін өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі. 2002 жылғы 14 қараша N 175-ө

1. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі 2002 жылғы 20-21 қарашада Астана қаласында Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі қазақстан-қытай үкіметаралық комиссиясының (бұдан әрі - Комиссия) алтыншы мәжілісін өткізсін.

2. Қоса беріліп отырған Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі қазақстан-қытай үкіметаралық комиссиясының алтыншы мәжілісін дайындау жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

3. Орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдар Жоспарда көзделген іс-шаралардың орындалуы жөнінде нақты шаралар қабылдасын.

4. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігіне Комиссияның алтыншы мәжілісін өткізу үшін 2002 жылға арналған республикалық бюджетте "Өкілдік шығындар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен қаражат бөлсін.

*Премьер-Министр*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 14 қарашадағы
N 175 өкімімен
бекітілген

**Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі
қазақстан-қытай үкіметаралық комиссиясының алтыншы
мәжілісін дайындау жөніндегі іс-шаралар жоспары**

| Р/с! N ! | Іс-шараның атауы | !Орындау мерзімі! ! | Орындауға жауаптылар ! |
|---|---|---|---|
| 1 | Делегацияның болу бағдарламасын дайындау | 2002 жылғы 15 қарашаға дейін | Индустрия және сауда министрлігі |
| 2 | Комиссияның жұмыс регламенті жөнінде (баяндамашыға және сөз | 2002 жылғы 15 қарашаға дейін | Индустрия және сауда министрлігі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | сөйлеушілерге берілген уақыт), жұмыс топтарының басшылары мен олардың құрамы, өткізу орны жөнінде ұсыныстар енгізу | | |
| 3 | Комиссияның мәжілісінің күн тәртібі мен әңгімелесу жазбасы жобаларына және сөздер жобасына ұсыныстар беру | 2002 жылғы 15 қарашаға дейін | Индустрия және сауда министрлігі (шақыру), Сыртқы істер министрлігі, Көлік және коммуникациялар министрлігі, Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі, Қаржы министрлігі, Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Кедендік бақылау агенттігі, Астана қаласының әкімі, Алматы қаласының әкімі |
| 4 | Комиссияның алтыншы мәжілісінің күн тәртібі мен әңгімелесу жазбасы жобаларын дайындау | 2002 жылғы 15 қарашаға дейін | Индустрия және сауда министрлігі, Сыртқы істер министрлігі |
| 5 | Қытай делегациясына қызмет көрсету жөніндегі қаржылық шығындарды (көлікке, Комиссияның қазақстандық бөлігі төрағасының атынан қабылдау, кофе-брейк, кәдесыйлар, кеңсе | 2002 жылғы 15 қарашаға дейін | Сыртқы істер министрлігі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | тауарлары) толық көлемде жабуды қамтамасыз ету | | |
| 6 | Алматы және Астана қалаларындағы VIP-залдарды пайдалану | 2002 жылғы 20-22 қараша | Алматы қаласының әкімі, Астана қаласының әкімі |
| 7 | Комиссияның қазақстандық бөлігі төрағасының атынан қабылдауды өткізу орнын және қатысушылар санын анықтау | 2002 жылғы 15 қарашаға дейін | Индустрия және сауда министрлігі, Сыртқы істер министрлігі |
| 8 | Комиссияның қазақстандық бөлігінің мәжілісін ұйымдастыру және өткізу | 2002 жылғы 16 қарашаға дейін | Индустрия және сауда министрлігі |
| 9 | Бөлінген қаражат есебінен қытай тарабының төрағасына естелік сыйлық және қытай делегациясының мүшелері үшін кәдесыйлар сатып алуды ұйымдастыру | 2002 жылғы 16 қарашаға дейін | Индустрия және сауда министрлігі |
| 10 | Қытай делегациясының мүшелерін көліктік қызметпен қамтамасыз ету | 2002 жылғы 20-22 қараша | Сыртқы істер министрлігі, Көлік және коммуникациялар министрлігі |
| 11 | Комиссияның алтыншы мәжілісінің жұмысын Комиссия мәжілісінің қорытындылары бойынша баспасөзде жария етуді ұйымдастыру | 2002 жылғы 20-22 қараша | Индустрия және сауда министрлігі |
| 12 | Комиссияның қазақстандық бөлігі төрағасының сөйлейтін сөзінің жобасын дайындау | 2002 жылғы 18 қарашаға дейін | Индустрия және сауда министрлігі |
| 13 | Комиссияның алтыншы мәжілісі туралы есеп дайындау | 2002 жылғы 1 желтоқсанға дейін | Индустрия және сауда министрлігі |

---------------------------------------------------------------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК